

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік бақылау мен статистика, халықты қорғау жүйесін жетілдіру, деректерді басқару, заңды тұлғаларды тіркеу және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 5 шілдедегі № 115-VIII ҚРЗ

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне: мынадай мазмұндағы 2-1-баппен толықтырылсын:

"2-1-бап. Блоктық бюджет

1. Блоктық бюджет – әкімшіге шығыстар лимиттеріне сәйкес белгіленген блок шегінде нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін бюджет қаражатын дербес бекітуге, қайта бөлуге және толық пайдалануға өкілеттік берілетін бюджет процесін басқару тәсілі.

2. Блоктық бюджетті енгізу және оның жұмыс істеу қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Блоктық бюджетті пайдаланатын мемлекеттік органдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

4. Осы баптың ережелері пилоттық жоба шеңберінде 2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады."

2. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

1) 28-баптың 10-2-тармағындағы "деректерді басқару жөніндегі уәкілетті орган бекіткен," деген сөздер алып тасталсын;

2) 84-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы алып тасталсын;

3) 85-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы "және бекітеді" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 144-бапта:

2-тармақта:

бірінші бөліктегі "Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі автоматты режимде қалыптастырған график" деген сөздер "График" деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "10 желтоқсанына" деген сөздер "25 желтоқсанына" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөлікте:

"10 желтоқсанына" деген сөздер "25 желтоқсанына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"10 мамырына" деген сөздер "25 мамырына" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы бөлік "бірінші басшысы" деген сөздерден кейін "осы тармақтың төртінші бөлігінде белгіленген мерзімдерде" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізу графиктерін тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесінде және қағаз жеткізгіште сол бір кезеңге қалыптастыруға тыйым салынады.";

5) 144-2-баптың 4-тармағында:

бірінші, екінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тағайындалған объектілерді міндетті түрде көрсете отырып, бақылау мен қадағалау субъектілеріне қатысты қалыптастырылатын бақылау мен қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) жартыжылдық тізімі бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға негіз болып табылады.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған бақылау мен қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) жартыжылдық тізімдері бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу жылының алдындағы жылдың 25 желтоқсанына дейінгі және ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 мамырына дейінгі мерзімде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектісінде орналастырылады.

Бақылау және қадағалау органында тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған жағдайда бақылау мен қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) жартыжылдық тізімін реттеуші мемлекеттік органның немесе жергілікті атқарушы органның бірінші басшысы бекітеді және мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органға бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу жылының алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейінгі және ағымдағы күнтізбелік жылдың 10 мамырына дейінгі мерзімде бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық жиынтық тізімін қалыптастыру үшін, оның ішінде электрондық нысанда жіберіледі.";

мынадай мазмұндағы он бірінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізімдерін тәуекелдерді бағалау мен басқарудың

ақпараттық жүйесінде және қағаз жеткізгіште сол бір кезеңге қалыптастыруға тыйым салынады."

3. 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне:

1) 4-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 34-1) тармақшамен толықтырылсын:

"34-1) ұлттық тіркелім – "электрондық үкімет" архитектурасы шеңберінде айқындалатын, салалар (аялар) бойынша деректердің эталондық дереккөздері;"

2) 40-баптың екінші бөлігінің үшінші абзацындағы "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

3) 43-2-бапта:

екінші бөліктің 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, деректерді басқару жөніндегі талаптарды әзірлейді;"

мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2-бөліктермен толықтырылсын:

"2-1. Қазақстан Республикасының Үкіметі деректерді басқару жөніндегі талаптарды бекітеді.

2-2. Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган деректерді басқару жөніндегі талаптарға және Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы заңнамасына сәйкес әкімшілік деректердің сапасын айқындайды.";

4) мынадай мазмұндағы 43-4-баппен толықтырылсын:

"43-4-бап. Ұлттық тіркелімдер

1. Ұлттық тіркелімдер тізбесін мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

2. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұлттық тіркелімдерде қамтылған деректердің тиісті сапасын қамтамасыз етеді."

4. 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экология кодексіне:

386-баптың 6-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздер "сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне:

1) 1-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 88-1) тармақшамен толықтырылсын:

"88-1) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы халықтың әлеуметтік осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл (бұдан әрі – омбудсмен) – Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын және халықтың әлеуметтік осал санаттарының құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл жасай отырып, олардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру мақсатында өз қызметін қоғамдық негізде жүзеге асыратын адам;"

2) 2-тарау мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1-бап. Омбудсменнің құзыреті

1. Халықтың әлеуметтік осал санаттарының құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін қамтамасыз ету мақсатында омбудсмен:

1) халықтың әлеуметтік осал санаттары құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына қатысты жолданымдарды және орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының халықтың әлеуметтік осал санаттарының құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзатын шешімдеріне немесе әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарайды;

2) халықтың әлеуметтік осал санаттарының бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру бойынша жәрдем көрсетеді;

3) халықтың әлеуметтік осал санаттары құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктері бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне жібереді;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметіне және өзге де мемлекеттік органдарға, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарына, өзге де ұйымдар мен лауазымды адамдарға халықтың әлеуметтік осал санаттары құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуының профилактикасына бағытталған шараларға қатысты ұсынымдар мен ұсыныстар береді;

5) мемлекеттік құпияларды және Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, жолданымдарды қарау үшін қажетті халықтың әлеуметтік осал санаттарының құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін қозғайтын ақпаратты, құжаттар мен материалдарды мемлекеттік органдардан, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары мен ұйымдардан сұратады және алады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Халықтың әлеуметтік осал санаттарына осы Кодекс шеңберінде әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер алатын адамдар жатады."

6. "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 11-баптың бірінші бөлігінің 4) тармақшасы "ұсынуы бойынша" деген сөздерден кейін "Республикалық ономастика комиссиясымен келісілген" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 12-баптың бірінші бөлігінің 5-1) тармақшасы "ескере отырып," деген сөздерден кейін "Республикалық ономастика комиссиясымен келісілген" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 14-баптың екінші бөлігінің 4) тармақшасы "ескере отырып," деген сөздерден кейін "Республикалық ономастика комиссиясымен келісілген" деген сөздермен толықтырылсын.

7. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап Заңды тұлғаларды тіркеу саласын реттеудің негізгі мақсаттары, міндеттері, қағидаттары

1. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мынадай негізгі мақсаттарды іске асыру үшін жүзеге асырылады:

заңды тұлғаның құрылу, қайта тіркелу, құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың тіркелу, қайта ұйымдастырылу және қызметінің тоқтатылу, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктердің құрылу, есептік қайта тіркелу, құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың тіркелу және қызметінің тоқтатылу фактісін куәландыру;

Қазақстан Республикасының аумағында құрылған, қайта тіркелген, қайта ұйымдастырылған және өз қызметін тоқтатқан заңды тұлғаларды, сондай-ақ құрылған, есептік қайта тіркеуден өткен және өз қызметін тоқтатқан филиалдар мен өкілдіктерді есепке алу;

бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін жүргізу;

заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері туралы жалпыға бірдей қолжетімді ақпаратты (қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өткізу.

2. Коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді жүзеге асыру осы Заңның негізгі міндеттері болып табылады.

3. Осы Заңның негізгі қағидаттары:

1) заңдылық;

2) баршаның заң алдындағы теңдігі;

3) жариялылық.";

2) 6-баптың сегізінші бөлігінің үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге шетелдік құрылтайшы паспортының немесе жеке басын куәландыратын басқа да құжаттың, сондай-ақ "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасында коммерциялық ұйымды тіркеу құқығын растайтын құжаттың көшірмесі ұсынылуға тиіс.";

3) 6-1-бапта:

тақырыптағы "тіркеудің хабарлама тәртібі" деген сөздер "тіркеу тәртібі" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктегі "кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асырылуы басталғаны туралы хабарлама" деген сөздер "заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы өтініш" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "хабарлама" деген сөз "өтініш" деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші бөліктің үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге шетелдік құрылтайшы паспортының немесе жеке басын куәландыратын басқа да құжаттың, сондай-ақ "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасында коммерциялық ұйымды тіркеу құқығын растайтын құжаттың көшірмесі ұсынылуға тиіс.";

4) 9-баптың бірінші бөлігіндегі "бір сағат" деген сөздер "бір жұмыс күні" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 11-бапта:

бірінші бөлікте:

4-4) тармақшадағы "216, 218, 218-1, 235-1, 237, 238-баптары" деген сөздер "190, 216, 218, 218-1, 235-1, 237, 238, 249, 365-баптары" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) мыналарды:

нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге шетелдік құрылтайшы паспортының немесе жеке басын куәландыратын басқа да құжаттың, сондай-ақ "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасында коммерциялық ұйымды тіркеу құқығын растайтын құжаттың көшірмесін;

құрылтайшы шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын, нотариат куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге сауда тізілімінің заңдастырылған үзінді көшірмесінің немесе басқа да заңдастырылған құжаттың көшірмелерін ұсынбау.";

сегізінші бөлік алып тасталсын;

6) 14-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер қатысушылар құрамына шетелдік немесе шетелдік заңды тұлға кірсе, онда осы Заңның 6-бабының сегізінші бөлігінде көзделген құжаттар қосымша ұсынылады.";

7) 14-2-бапта:

бірінші бөлік 8) тармақшасындағы "өзгерген кезде енгізіледі." деген сөздер "өзгерген;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) байланыс ақпараты (телефоны, электрондық мекенжайы) өзгерген кезде енгізіледі.";

екінші бөліктегі "7) және 8)" деген сөздер "7), 8) және 9)" деген сөздермен ауыстырылсын;

оныншы бөліктегі "4-1) және 5)" деген сөздер "4-1), 5) және 8)" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. "Шаруашылық серіктестіктері туралы" 1995 жылғы 2 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

мынадай мазмұндағы 2-1-баппен толықтырылсын:

"2-1-бап. Осы Заңның негізгі мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары

1. Шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, серіктестікті құру, оның қызметі, қайта ұйымдастыру және тарату тәртібін айқындау осы Заңның негізгі мақсаттары болып табылады.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері:

1) кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасау;

2) шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету;

3) шаруашылық серіктестігіне қатысушылар арасындағы қатынастарды реттеу;

4) шаруашылық серіктестігінің құқықтық мәртебесін белгілеу.

3. Шаруашылық серіктестіктері өз қызметін мынадай қағидаттардың негізінде жүзеге асырады:

1) заңдылық;

2) ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарай міндеттемелері бойынша жауапкершілік;

3) шаруашылық серіктестіктерінің қызметі туралы ақпараттың оларға қатысушылар үшін ашықтығы, қолжетімділігі;

4) қатысушылардың адалдығы."

9. "Өндірістік кооператив туралы" 1995 жылғы 5 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

мынадай мазмұндағы 1-2-баппен толықтырылсын:

"1-2-бап. Осы Заңның негізгі мақсаттары мен міндеттері

1. Кооперацияны дамытуды қолдау, шағын және орта бизнесті нығайту, жаңа жұмыс орындарын ашу, халықтың өмір сүру деңгейін арттыру және экономикалық тұрақтылықты нығайту үшін жағдайлар жасау осы Заңның негізгі мақсаттары болып табылады.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері:

1) өндірістік кооперативтерді құру, тіркеу, олардың жұмыс істеуі және тарату үшін құқықтық негіз белгілеу;

2) өндірістік кооператив мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ олардың өзара іс-қимыл жасау қағидаларын айқындау;

3) өндірістік кооператив мүшелерінің арасында пайда мен шығындарды бөлу тәртібін реттеу;

- 4) өндірістік кооператив ішінде шешімдер қабылдау тетіктерін белгілеу;
- 5) шағын және орта бизнесті дамытуды және елдегі экономикалық тұрақтылықты нығайтуды қамтамасыз ету."

10. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

25-1-бапта:

1-1-тармақ 5) тармақшасындағы "келісу жатады." деген сөздер "келісу;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

"6) облыстық ономастика комиссияларының ауылдарға, кенттерге, ауылдық округтерге атау беру, олардың атауын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау және өзгерту жөніндегі қорытындыларын келісу;

7) облыстық ономастика комиссияларының аудандық маңызы бар қалалардың құрамдас бөліктеріне атау беру, олардың атауын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау және өзгерту жөніндегі қорытындыларын келісу жатады.";

2-тармақтың 1) тармақшасындағы "ауылдарға, кенттерге, ауылдық округтерге атау беру, оларды қайта атау" деген сөздер "Республикалық ономастика комиссиясымен келісілгеннен кейін ауылдарға, кенттерге, ауылдық округтерге атау беру, олардың атауын өзгерту" деген сөздермен, 2) тармақшасындағы "аудандық маңызы бар қалалардың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау" деген сөздер "Республикалық ономастика комиссиясымен келісілгеннен кейін аудандық маңызы бар қалалардың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің құрамдас бөліктеріне атау беру, олардың атауын өзгерту" деген сөздермен ауыстырылсын.

11. "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) мынадай мазмұндағы 2-1-баппен толықтырылсын:

"2-1-бап. Нотариаттың негізгі мақсаты мен міндеті

1. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған нотариаттық қызмет саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеу нотариаттың мақсаты болып табылады.

2. Нотариаттық іс-әрекеттер жасау арқылы жеке және заңды тұлғаларды білікті заң көмегімен қамтамасыз ету нотариаттың міндеті болып табылады.";

2) 32-бапта:

5-2) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-3) тармақшамен толықтырылсын:

"5-3) осы Заңның негізгі мақсаты мен міндетіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нотариатты реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;"

6), 8) және 10) тармақшалар алып тасталсын.

12. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) мынадай мазмұндағы 1-1-баппен толықтырылсын:

"1-1-бап. Осы Заңның негізгі мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары

1. Серіктестікке қатысушылардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, серіктестікті құру, оның қызметі, қайта ұйымдастыру және тарату тәртібін айқындау Қазақстан Республикасының жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы заңнамасының негізгі мақсаттары болып табылады.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері:

1) жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктердің құқықтық мәртебесін белгілеу;

2) жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктерді құру шарттарын айқындау;

3) жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктердің қызметін реттеу;

4) жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктерге қатысушылардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету.

3. Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер өз қызметін мынадай негізгі қағидаттардың негізінде жүзеге асырады:

1) заңдылық;

2) өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлік мөлшеріндегі жауапкершілік;

3) серіктестік қызметі туралы ақпараттың оның барлық мүшелері үшін ашықтығы, қолжетімділігі;

4) қатысушылардың адалдығы.";

2) 26-баптың 3-тармағындағы "1) – 3)" деген цифрлар "1) және 2)" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 67-баптың 6-тармағы алып тасталсын;

4) 69-баптың 3-тармағындағы "Жарғылық капиталды азайту нәтижесінде оның мөлшері осы Заңның 23-бабының 2-тармағында көзделген ең төменгі мөлшерден аз болып қалған жағдайда, сондай-ақ қатысушылар осы Заңның 24-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімде серіктестіктің жарғылық капиталын құрмаса," деген сөздер "Осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда," деген сөздермен ауыстырылсын.

13. "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

мынадай мазмұндағы 2-1-баппен толықтырылсын:

"2-1-бап. Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу саласын реттеудің негізгі мақсаттары, міндеттері, қағидаттары

1. Жеке және заңды тұлғалардың жылжымалы мүлік кепілін тіркеу саласындағы құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету осы Заңның негізгі мақсаты болып табылады.

2. Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу саласындағы ақпараттық жүйелерді қолдап отыру, сондай-ақ оларға қол жеткізуді қамтамасыз ету осы Заңның негізгі міндеттері болып табылады.

3. Осы Заңның негізгі қағидаттары:

1) заңдылық;

2) мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы."

14. "Күзет қызметі туралы" 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

17-1-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың үшінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген" деген сөздер "уәкілетті орган айқындаған" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4-5) тармақшамен толықтырылсын:

"4-5) өңірлік нышанды бекіту;"

2) 27-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-17) тармақшамен толықтырылсын:

"1-17) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекіткен қағидалар негізінде өңірлік нышан жобасын әзірлейді;"

3) 29-баптың 1-тармағы 4) тармақшасының үшінші абзацындағы ", сондай-ақ аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) орналасқан білім беруді басқару органдарының бірінші басшыларын" деген сөздер алып тасталсын.

16. "Тұтыну кооперативі туралы" 2001 жылғы 8 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

мынадай мазмұндағы 2-1-баппен толықтырылсын:

"2-1-бап. Осы Заңның негізгі мақсаттары мен міндеттері

1. Қазақстан Республикасында кооперативтік қозғалысты ұйымдастыру мен дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ тұтыну кооперативтерінің құрылуы мен жұмыс

істеуі үшін жағдайлар жасау арқылы тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау осы Заңның негізгі мақсаттары болып табылады.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері:

- 1) Қазақстан Республикасында кооперативтік қозғалысты дамыту үшін құқықтық негіз құру;
- 2) тұтыну кооперативтеріне қатысушылардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету;
- 3) тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- 4) нарықта бәсекелестікті дамыту;
- 5) тұтыну кооперативтерінің қызметін реттеу."

17. "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

- 1) 14-баптағы "Үкімет және (немесе)" деген сөздер алып тасталсын;
- 2) 27-2-баптың 2-тармағындағы және 6-тармағының үшінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздер "Уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 3) 27-3-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген" деген сөздер "уәкілетті орган бекіткен" деген сөздермен ауыстырылсын.

18. "Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

- 1) 11-баптың 6) тармақшасы алып тасталсын;
- 2) 12-баптың 2-тармағының 21) тармақшасындағы "кеңейту" деген сөз "жүзеге асыру және кеңейту" деген сөздермен ауыстырылсын.

19. "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

- 1) 25-баптың 2-тармағындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 2) 32-баптың 2-тармағының үшінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді" деген сөздер "уәкілетті орган айқындайды" деген сөздермен ауыстырылсын.

20. "Саяси партиялар туралы" 2002 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

- 1) кіріспе алып тасталсын;
- 2) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Саяси партиялардың құрылу және қызмет ету негіздері

1. Саяси партияларды құрудың құқықтық негіздерін, олардың құқықтары мен міндеттерін, олардың қызметінің кепілдіктерін айқындау Заңның негізгі мақсаты болып табылады.

2. Саяси партиялардың мемлекеттік органдармен және басқа да ұйымдармен қатынастарын реттеу Заңның негізгі міндеті болып табылады.

3. Саяси партиялардың қызметі еріктілік, тең құқықтылық, өзін-өзі басқару, заңдылық және жариялылық қағидаттарына негізделеді. Осы Заңда белгіленген шектеулерді қоспағанда, саяси партиялар ішкі құрылымын, мақсаттарын, қызмет нысандары мен әдістерін еркін айқындайды.

4. Саяси партиялардың қызметі адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзбауға тиіс.

5. Саяси партиялар Қазақстан Республикасының саяси партияға мүше болып табылатын азаматтарына саяси партиялардың басшы органдарында, депутаттыққа кандидаттар тізімінде өкілдік етуі үшін және мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы өзге де сайланбалы қызметтерге бірдей мүмкіндіктер жасауға тиіс.

6. Саяси партиялардың ұйымдық құрылымы аумақтық қағидат бойынша құрылады.

7. Саяси партиялар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) басшы органдары Қазақстан Республикасының аумағында болуға тиіс.

8. Қазақстан Республикасының аумағында басқа мемлекеттердің саяси партияларының қызметіне жол берілмейді.

9. Мақсаттары немесе әрекеттері Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, тұтастығын бұзуға, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты тұтатуға бағытталған саяси партияларды құру мен олардың қызметіне тыйым салынады.

10. Азаматтардың кәсіби, нәсілдік, ұлттық, этностық және діни белгілері бойынша саяси партиялар құруға, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында саяси партиялардың бастауыш партия ұйымдарын құруға жол берілмейді.

11. Әскерилендірілген саяси партиялар, сондай-ақ саяси партиялар жанынан әскерилендірілген құралымдар құруға және олардың қызметіне тыйым салынады.

12. Білім беру ұйымдарының оқу процесінде саяси партиялардың бағдарламалық, жарғылық талаптарын насихаттауға жол берілмейді.";

3) 18-1-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бюджет қаражатының жұмсалуды бақылау Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады."

21. "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-2-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағында Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының электрондық құжат айналымы мен электрондық архивтер бөлігінде" деген сөздер "Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 24-баптың екінші бөлігі:

"бас тартуға" деген сөздерден кейін ", сол сияқты электрондық құжат айналымы жүйесінің бағдарламалық және (немесе) техникалық құралдарын бұғаттау арқылы электрондық құжаттарды адресатқа дейін жеткізбеуге" деген сөздермен толықтырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

22. "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-баптың 11-1) тармақшасы алып тасталсын;

2) 7-бап мынадай мазмұндағы 2-4) тармақшамен толықтырылсын:

"2-4) таңбалануға жататын тауарлар тізбесін және оның енгізілетін күнін айқындайды;"

23. "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-баптың 3-тармағы "аумақтық бөлімшелері" деген сөздерден кейін ", жергілікті атқарушы органдар" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 7-баптың 2) тармақшасындағы "саясатты әзірлеу және іске асыру" деген сөздер "саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 8-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

"1-2) радиожиилік спектрін бөліп беру, сондай-ақ радиожииліктерді және байланыс спутниктерінің орбиталық позицияларын тиімді пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;"

4) 10-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-2) тармақшамен толықтырылсын:

"3-2) байланыс операторлары көрсететін байланыс қызметтерінің сапасын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

5) 15-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздер "уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) мынадай мазмұндағы 15-3-баппен толықтырылсын:

"15-3-бап. Байланыс операторларының мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы

Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын байланыс операторлары және (немесе) байланыс желілерін иеленушілер дүлей зілзалалардан (жер сілкінісі, сел, қар көшкіні, су тасқыны және басқалар), дағдарысты экологиялық

жағдайлардан, табиғи өрттерден, эпидемиялардан болған әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау қатері төнген және туындаған кезде біріктірілген деректерді Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен уәкілетті органға ұсынады."

24. "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

34-баптың 3-тармағындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздер " уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын.

25. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

мынадай мазмұндағы 2-1-баппен толықтырылсын:

"2-1-бап. Осы Заңның негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидаттары

1. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға бағытталған жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеу осы Заңның негізгі мақсаты болып табылады.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері:

1) жылжымайтын мүлікке құқықтардың (құқық ауыртпалықтарының) туындауын, өзгеруін және тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;

2) жылжымайтын мүлікке заңды құқықтары бар жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін іске асыру және қамтамасыз ету;

3) тіркеуші органның құқықтық кадастрды жүргізуі және тіркелген құқықтар туралы жазбаларды енгізуі.

3. Осы Заңның негізгі қағидаттары:

1) заңдылық;

2) меншікке қолсұғылмаушылық;

3) мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы."

26. "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-баптың 7-1) және 7-2) тармақшалары алып тасталсын;

2) 6-бап мынадай мазмұндағы 7-3) және 7-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-3) тіркелген тарифтерді және шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларын бекітеді;

7-4) тіркелген тарифтерді бекітеді;"

27. "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "алғашқы статистикалық" деген сөздер "бастапқы статистикалық" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) кіріспедегі "процесінде" деген сөзден кейін ", сондай-ақ әкімшілік деректердің сапасын айқындау кезінде" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 1-бапта:

1) тармақша алып тасталсын;

1-2) тармақшадағы "біріктірілген деректерді" деген сөздер "ресми статистикалық ақпаратты" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша "статистикалық" деген сөзден кейін "және балама" деген сөздермен толықтырылсын;

3-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1) әкімшілік деректерді ұсыну графигі – мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға әкімшілік деректерді беретін әкімшілік дереккөздер туралы, әкімшілік деректерді ұсыну кезеңділігі мен мерзімдері туралы мәліметтерді қамтитын құжат;"

мынадай мазмұндағы 3-2), 3-3), 3-4), 4-1), 4-2) және 4-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-2) бағаларды тіркеу – тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағалар (тарифтер) туралы жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың, әкімшілік және балама деректердің негізіндегі бағалар мониторингі;

3-3) балама деректер – бастапқы статистикалық немесе әкімшілік деректер болып табылмайтын деректер;

3-4) бастапқы статистикалық деректер – статистикалық нысандарда алынған немесе тіркелген деректер;"

"4-1) деректер өнімі – балама деректерді өңдеу негізінде қалыптастырылатын өнім;

4-2) деректерді бақылаушы – әкімшілік деректердің сапасын бағалау үшін әкімшілік дереккөздерге қатысты мемлекеттік бақылау жүргізу кезінде тартылатын, мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік монополия субъектісінің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы маманы;

4-3) деректердің сапасы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес деректердің пайдалануға жарамдылық дәрежесін көрсететін сипаттама;"

7) тармақша "жүзеге асыратын" деген сөздерден кейін ", әкімшілік деректердің сапасын айқындайтын" деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақша "сәйкес" деген сөзден кейін "және ұлттық санақ жүргізу кезінде" деген сөздермен толықтырылсын;

13) тармақша "алғашқы статистикалық деректерді және (немесе) әкімшілік" деген сөздер "бастапқы статистикалық деректерді және (немесе) әкімшілік және (немесе) балама" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17) статистикалық жұмыстар жоспары – ұлттық санақтарды қоспағанда, бастапқы статистикалық деректерді жинау, әкімшілік және балама деректерді ұсыну мерзімдерін, сондай-ақ ресми статистикалық ақпаратты қалыптастыру мерзімдерін айқындайтын жалпымемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізу жоспары;"

18) тармақшада:

"өңдеуді," деген сөзден кейін "талдауды," деген сөзбен толықтырылсын;

"алғашқы статистикалық және әкімшілік деректерді" деген сөздер "бастапқы статистикалық, әкімшілік және балама деректерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) тармақша алып тасталсын;

21-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"21-1) талдамалық ақпарат – бастапқы статистикалық және (немесе) әкімшілік және (немесе) балама деректерді талдау барысында, оның ішінде бастапқы статистикалық және (немесе) әкімшілік және (немесе) балама деректерді өңдеу мен талдаудың инновациялық әдістері негізінде алынған ақпарат;"

мынадай мазмұндағы 21-2) және 21-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"21-2) телефон арқылы сауал салудың компьютерлендірілген жүйесі – телефонмен респонденттерге сауал салу арқылы жалпымемлекеттік статистикалық байқауларды жүргізуге мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе;

21-3) ұлттық анықтамалық ақпарат – сыныптауыштардың, каталогтардың, анықтамалықтардың, номенклатуралардың және басқа да техникалық-экономикалық ақпараттың жиынтығы;"

23-1) тармақшадағы "біріктірілген деректерді" деген сөздер "ресми статистикалық ақпаратты" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 5-баптың 7) тармақшасындағы "статистикалық және әкімшілік" деген сөздер "статистикалық, әкімшілік және балама" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 7-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) әкімшілік деректердің сапасын айқындау.";

6) 8-бапта:

6-тармақ "қызметте" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Осы баптың 4-тармағына сәйкес құпия болып табылмайтын мәліметтерді ұсынуға жол беріледі.";

7) 12-бапта:

15-2) тармақшадағы "алғашқы статистикалық" деген сөздер "бастапқы статистикалық және әкімшілік" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 15-4) тармақшамен толықтырылсын:

"15-4) әкімшілік дереккөздерге жатпайтын балама деректердің меншік иелерімен немесе иеленушілерімен балама деректерді ұсыну туралы келісімдер жасасады;"

19) тармақшадағы "әкімшілік деректерді статистикалық" деген сөздер "әкімшілік деректерді, балама деректерді ресми статистикалық" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 23-1) және 23-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"23-1) ұлттық анықтамалық ақпараттың құрылымын, мазмұнын және олардың өзгерістерін келіседі;

23-2) ұлттық тіркелімдерді қалыптастыруды және өзгертуді келіседі;"

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"24) мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

;

8) 12-1-бапта:

2-тармақ 5) тармақшадағы "келмеуін анықтау мақсатында жүргізіледі." деген сөздер "келмеуін;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) ұлттық анықтамалық ақпараттың келісілмеген элементтерін анықтау мақсатында жүргізіледі.";

5-тармақтың 4) тармақшасындағы "мемлекеттік органдардың, ведомстволық бағынысты және өзге де ұйымдардың қашықтан бақылау жүргізуге тартылған мамандары, консультанттары мен сарапшылары" деген сөздер "деректерді бақылаушылар, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының қашықтан бақылау жүргізуге тартылған мамандары, консультанттары, сарапшылары" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтың екінші бөлігіндегі "4) және 5)" деген сөздер "4), 5) және 6)" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақтың 4) тармақшасындағы "мемлекеттік органдардың, ведомстволық бағынысты және өзге де ұйымдардың тексеру жүргізуге тартылатын мамандары, консультанттары мен сарапшылары" деген сөздер "деректерді бақылаушылар, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының тексеру жүргізуге тартылатын мамандары, консультанттары, сарапшылары" деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақтың 5) тармақшасындағы "мемлекеттік органдардың, ведомстволық бағынысты және өзге де ұйымдардың тексеру жүргізуге тартылған мамандары, консультанттары мен сарапшылары" деген сөздер "деректерді бақылаушылар, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының тексеру жүргізуге тартылған мамандары, консультанттары, сарапшылары" деген сөздермен ауыстырылсын;

20-тармақта:

2) тармақша "тіркеу үшін" деген сөздерден кейін "әкімшілік деректерді, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) деректерді бақылаушыларды, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының өзге де мамандарын, консультанттарын, сарапшыларын тартуға;"

22-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) егер әкімшілік деректер, сондай-ақ құжаттар мен мәліметтер жүргізілетін қашықтан бақылау және тексерулер нысанасына жатпаса, оларды ұсынбауға;"

23-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мемлекеттік бақылау нәтижелеріне қоса тіркеу үшін әкімшілік деректерді, сондай-ақ қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарына ұсынуға;"

9) 13-бапта:

бірінші бөліктің 2-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1) ведомстволық статистикалық байқауларды жүргізу үшін статистикалық нысандарды және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді;"

екінші бөлік алып тасталсын;

10) 16-баптың 3-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ұлттық анықтамалық ақпаратты қолдануға;"

2) тармақшадағы ", сондай-ақ көрсеткіштерді есептеу әдістемелерін" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-1), 2-2) тармақшалармен және 3) тармақшадағы "ұсынуға міндетті." деген сөздер "ұсынуға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) уәкілетті органмен келісу бойынша ғылыми әдістер мен тәсілдер негізінде көрсеткіштерді есептеу әдістемелерін бекітуге және оларды өздерінің интернет-ресурстарында жариялауға;

2-2) әдістеме өзгерген жағдайда әкімшілік дереккөздер қалыптастыратын, жарияланған статистикалық ақпаратты қайта қарауға және жаңартылған, құжатпен расталған ақпарат негізінде өзгерістер тарихын жариялауға;"

"4) деректерді басқару жөніндегі талаптарға сәйкес әкімшілік деректердің сапасын қамтамасыз етуге міндетті.";

11) 18-баптың 1) тармақшасындағы "ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес" деген сөздер алып тасталсын;

12) 19-бапта:

1-тармақтағы "жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 15 қарашасына дейін" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақ "алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигін" деген сөздерден кейін ", әкімшілік деректерді ұсыну графигін" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

бірінші бөлікте:

"алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигін" деген сөздерден кейін ", әкімшілік деректерді ұсыну графигін" деген сөздермен толықтырылсын;

"алдағы күнтізбелік жылға" деген сөздер "күнтізбелік үш жылға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 сәуіріне дейінгі" деген сөздер "статистикалық жұмыстар жоспарына жылына бір реттен аспайтын өзгерістер мен толықтырулар енгізе отырып, ол бекітілетін жылдың 1 сәуіріне дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 шілдесіне дейінгі мерзімде статистикалық жұмыс жоспарын, респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигін және ресми статистикалық ақпаратты тарату графигін" деген сөздер "статистикалық жұмыс жоспары бекітілетін жылдың 1 шілдесіне дейінгі мерзімде статистикалық жұмыстар жоспарын, респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді ұсыну графигін, әкімшілік деректерді ұсыну графигін және ресми статистикалық ақпаратты тарату графигін" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 23-бапта:

тақырып пен 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23-бап. Ұлттық анықтамалық ақпарат және статистикалық тіркелімдер

1. "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін пайдалану кезінде ұлттық анықтамалық ақпарат қолданылады.

Ұлттық анықтамалық ақпарат элементтерін уәкілетті мемлекеттік органдар уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган айқындаған тәртіппен әзірлейді және бекітеді.";

8-тармақтағы "өзекті сипат беру алғашқы статистикалық және (немесе) әкімшілік деректер" деген сөздер "жаңартып отыру бастапқы статистикалық және (немесе) әкімшілік деректер және (немесе) балама деректер" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 23-1-баптың 1-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері мен респонденттер ұсынған, жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар мен ұлттық санақтар кезінде алынған бастапқы статистикалық деректерді жинау, өңдеу, сондай-ақ алынған әкімшілік деректерді және (немесе) балама деректерді өңдеу және ресми статистикалық және талдамалық ақпаратты қалыптастыру кезінде электрондық түрде өңдеу кезеңінде оларды сақтау;"

2) тармақшада:

"статистика тіркелімдерін" деген сөздер "статистикалық тіркелімдерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

"интернет-ресурсын қалыптастыру, сүйемелдеу және оларды өзекті ету" деген сөздер "интернет-ресурстарын қалыптастыру, қолдап отыру және жаңартып отыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "кестесіне сәйкес уәкілетті органның таратуына жататын ресми статистикалық ақпаратты" деген сөздер "графигіне сәйкес уәкілетті органның таратуына жататын ресми статистикалық ақпаратты, сондай-ақ ұлттық санақ қорытындылары туралы ақпаратты" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшадағы "кестесінде көзделмеген статистикалық" деген сөздер "графигінде көзделмеген статистикалық және талдамалық" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 24-бапта:

бірінші бөлік 4) тармақшадағы "ақпараты дереккөз ретінде қызмет етеді." деген сөздер "ақпараты;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) балама деректер дереккөз ретінде қызмет етеді.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Балама деректерді олардың меншік иелері немесе иеленушілері уәкілетті органға балама деректерді беру туралы жасалған келісімдерге сәйкес өтеусіз негізде ұсынады.";

16) 25-бапта:

1-тармақтағы "әкімшілік деректер" деген сөздерден кейін "және (немесе) балама деректер" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Бастапқы статистикалық немесе әкімшілік немесе балама деректерді қамтитын қағаз жеткізгіштер электрондық жеткізгіштерге міндетті түрде көшірілуге жатады және көрсетілген деректер негізінде қалыптастырылған ресми статистикалық ақпарат таратылған кезден бастап кемінде бір жыл сақталады. Бастапқы статистикалық немесе әкімшілік немесе балама деректерді қамтитын электрондық жеткізгіштер кемінде елу жыл сақталады.";

17) 26-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Ұлттық санақ жүргізу кезіндегі ресми статистикалық ақпарат оның аяқталу қорытындылары бойынша таратылады.";

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және оны әзірлеуге қосымша шығындарды талап ететін статистикалық және талдамалық ақпарат уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өтеулі негізде беріледі.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Деректер өнімін таратуды оның меншік иесі немесе иеленушісі қамтамасыз етеді.

Уәкілетті органға ұсынылатын деректер өнімінің меншік иесі немесе иеленушісі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен деректер өнімдерін берушілер тізіліміне енгізіледі."

28. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

28-баптың 4-тармағындағы "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша" деген сөздер алып тасталсын.

29. "Ғарыш қызметі туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

9-баптың 1-тармағының 16) тармақшасындағы "қабылдайды" деген сөз "бекітеді" деген сөзбен ауыстырылсын.

30. "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

73-баптың 5-тармағы бірінші бөлігінің үшінші абзацындағы "Үкімет" деген сөз "арнаулы мемлекеттік органның бірінші басшысы" деген сөздермен ауыстырылсын.

31. "Магистральдық құбыр туралы" 2012 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-баптың 8) тармақшасы алып тасталсын;

2) 6-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) магистральдық құбыржол саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;"

32. "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 17-баптың 2-тармағындағы "деректерді басқару жөніндегі уәкілетті орган бекіткен" деген сөздер алып тасталсын;

2) 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Орталық мемлекеттік органдардың және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

1. Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:

1) Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және (немесе) бекітеді;

2) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың дербес деректер және оларды қорғау мәселелері жөніндегі жолданымдарын қарайды;

3) Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының бұзылуына жол берген адамдарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тарту жөніндегі шараларды қабылдайды;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) субъектінің немесе оның заңды өкілінің дербес деректер мазмұнының және оларды өңдеу тәсілдерінің оларды өңдеу мақсаттарына сәйкестігі туралы жолданымдарын қарайды және тиісті шешімдер қабылдайды;

2) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының бұзылуына жол берген адамдарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тарту жөніндегі шараларды қабылдайды;

4) меншік иесінен және (немесе) оператордан, сондай-ақ үшінші тұлғадан анық емес немесе заңсыз жолмен алынған дербес деректерді нақтылауды, бұғаттауды немесе жоюды талап етеді;

5) субъектілердің құқықтарын қорғауды жетілдіруге бағытталған шараларды жүзеге асырады;

6) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына Қазақстан Республикасының заңнамасында жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады."

33. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-баптың 2-тармағының 7-2) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен және" деген сөздер алып тасталсын;

2) 10-баптың бірінші бөлігі 15) тармақшасының бірінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

3) 34-баптың 4-тармағындағы "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

4) 53-бапта:

3-тармақтың екінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

6-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен және" деген сөздер алып тасталсын.

34. "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

25) тармақшадағы "(деректерді өңдеу орталықтары)" деген сөздер ", деректерді өңдеу орталықтары" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 38-3) тармақшамен толықтырылсын:

"38-3) бұлттық есептеулер – интернет арқылы есептеу ресурстарының пулдарына сұрау салу бойынша желілік қол жеткізуді ұсынуды қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық технология;"

39-2) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 39-3), 39-4), 39-5) және 68-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"39-3) деректерді өңдеу орталығы – есептеу ресурстарының және телекоммуникациялық жабдықтың, сондай-ақ деректерді сақтау мен өңдеу жүйелерінің істен шығуға төзімді және іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектісі;

39-4) деректерді өңдеу орталығының ұлттық техникалық аудиті – деректерді өңдеу орталықтарының сенімділігін ерікті түрде бағалау;

39-5) деректерді талдау – шешім қабылдау үшін ақпарат пен тұжырымдар алу мақсатында деректерді өңдеу процесі;"

"68-1) "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасының бағдарламалық өнімі (бұдан әрі – платформалық бағдарламалық өнім) – "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасында әзірленген және орналастырылған бағдарламалық қамтылым;"

2) 4-баптың 2-тармағының 2) тармақшасындағы "деректерді басқару жөніндегі уәкілетті орган бекіткен" деген сөздер алып тасталсын;

3) 6-бапта:

б) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) бұлттық есептеулерге басымдық беру саясатын айқындайды.";

4) 7-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардың құрамына енгізілетін жеке тұлғалардың дербес деректерінің тізбесін бекітеді;"

5) тармақша "инфрақұрылымы объектілерінің" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ платформалық бағдарламалық өнімдердің" деген сөздермен толықтырылсын;

б) тармақша "инфрақұрылымы объектілерінің" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ платформалық бағдарламалық өнімдердің" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 7-2-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) деректерді өңдеу орталықтарының ұлттық техникалық аудитін жүргізеді.";

б) 9-баптың бірінші бөлігінде:

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) платформалық бағдарламалық өнімдерді әзірлейді және орналастырады;"

9) тармақшадағы "құжаттамасының электрондық көшірмелерін" деген сөздер "құжаттамасын" деген сөзбен ауыстырылсын;

17-4) және 17-5) тармақшалардағы "деректерді басқару жөніндегі уәкілетті орган бекіткен" деген сөздер алып тасталсын;

7) 10-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1), 1-2), 1-3) және 3-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың орындалуына мониторингті жүзеге асырады;

1-2) инвестициялар тарту жүйесін және ақпараттандыру саласындағы инвестициялық жобаларды әзірлеу мен іске асыруды ынталандыру тетіктерін жетілдіру жөніндегі қызметті жүзеге асырады;

1-3) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын дамыту үшін жағдай жасайды;"

"3-1) платформалық бағдарламалық өнімдерді әзірлейді және орналастырады;"

6) тармақшадағы "құжаттамасының электрондық көшірмелерін" деген сөздер "құжаттамасын" деген сөзбен ауыстырылсын;

16-3) және 16-4) тармақшалардағы "деректерді басқару жөніндегі уәкілетті орган бекіткен" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 16-5) тармақшамен толықтырылсын:

"16-5) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

8) 12-бапта:

10) тармақшадағы "талаптарға" деген сөз "талаптарға сәйкестігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) тармақшадағы "есепке алуды және "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің техникалық құжаттамасының электрондық көшірмелерін сақтауды" деген сөздер "және "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің техникалық құжаттамасын есепке алуды" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 13-баптың 1-тармағында:

4) тармақша "ақпараттық-коммуникациялық қызметтер" деген сөздерден кейін ", оның ішінде уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес платформалық бағдарламалық өнімдерді әзірлеу арқылы қызметтер" деген сөздермен толықтырылсын;

8-1) тармақшадағы "құру," деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8-2) тармақшамен толықтырылсын:

"8-2) платформалық бағдарламалық өнімдерді әзірлеу және орналастыру үшін "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасын ұсыну бойынша қызметтер көрсетеді;"

16) және 17) тармақшалардағы "деректерді басқару жөніндегі уәкілетті орган бекіткен" деген сөздер алып тасталсын;

10) мынадай мазмұндағы 13-3 және 13-4-баптармен толықтырылсын:

"13-3-бап. Деректерді өңдеу орталығы

1. Деректерді өңдеу орталығы жеке тұрған ғимаратта және (немесе) құрылысжайда немесе ғимараттың, құрылысжайдың арнайы жабдықталған бөлігінде орналасуға тиіс.

2. Деректерді өңдеу орталығының істен шығуға төзімді және іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін инженерлік инфрақұрылымы болуға тиіс.

3. Деректерді өңдеу орталығының қызметін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

4. Деректерді өңдеу орталықтары Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен халықаралық немесе ұлттық техникалық аудиттен өте алады.

13-4-бап. Бұлттық есептеулер

1. Бұлттық есептеулерді мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері бұлттық есептеулерге басымдық беру саясатына сәйкес қолданады.

2. Бұлттық көрсетілетін қызметтерді берушілер бұлттық көрсетілетін қызметтерді пайдаланушылар өздерінің ресурстарында орналастырған деректердің және (немесе) өзге де ақпараттың мазмұнына жауапты болмайды.

3. Бұлттық көрсетілетін қызметтерді пайдаланушылар бұлттық көрсетілетін қызметтерді берушілердің ресурстарына деректерді және (немесе) өзге де ақпаратты орналастыру арқылы үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзған жағдайда берушілер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды бұғаттау, тоқтата тұру және (немесе) жою жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.";

11) 14-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасының, платформалық бағдарламалық өнімдердің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақтар жүргізеді";

12) 16-баптың 2-тармағында:

2-1) тармақшадағы "құжаттамасының электрондық көшірмелерін" деген сөздер "құжаттамасын" деген сөзбен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "деректерді басқару жөніндегі уәкілетті орган бекіткен" деген сөздер алып тасталсын;

13) 17-баптың 2-тармағының 3-1) тармақшасындағы "құжаттамасының электрондық көшірмелерін" деген сөздер "құжаттамасын" деген сөзбен ауыстырылсын;

14) 25-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлік "ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтерді" деген сөздерден кейін ", платформалық бағдарламалық өнімдерді" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік "ақпараттандыру объектісінің" деген сөздерден кейін ", платформалық бағдарламалық өнімдердің" деген сөздермен толықтырылсын;

15) 26-бапта:

1-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік органның қызметін, мемлекеттік функцияларды және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтер көрсетуді автоматтандыру Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасында жүзеге асырылады.

Оператор ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету арқылы платформалық бағдарламалық өнімді ұсынуға құқылы.";

мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Платформалық бағдарламалық өнімдерді әзірлеу және орналастыру арқылы мемлекеттік функцияларды автоматтандыруды іске асыру және олардан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

5. Мамандарға қойылатын біліктілік талаптарын және олардың "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасында жұмыс істеуіне рұқсат ету тәртібін уәкілетті орган айқындайды.";

16) 31-бапта:

1-тармақ "мәліметтерді" деген сөзден кейін ", платформалық бағдарламалық өнімдерді" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі "құжаттамасының электрондық көшірмелерін орналастыру", "құжаттамасының электрондық көшірмелерін" деген сөздер тиісінше " құжаттамасын орналастыру", "құжаттамасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 34-баптың 1-1-тармағындағы "деректерді басқару жөніндегі уәкілетті орган бекіткен" деген сөздер алып тасталсын;

18) 35-баптың 2-1-тармағындағы "Деректерді басқару жөніндегі уәкілетті орган бекіткен деректерді басқару талаптарына сәйкес деректер операторға" деген сөздер " Деректер операторға деректерді басқару талаптарына сәйкес" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 36-бапта:

7-тармақтағы "деректерді басқару жөніндегі уәкілетті орган бекіткен" деген сөздер алып тасталсын;

8-тармақтағы "аумағындағы серверлік үй-жайда орналасқан" деген сөздер " аумағында орналасқан серверлік үй-жайдағы немесе деректерді өңдеу орталығындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 49-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) платформалық бағдарламалық өнім;"

35. "Бағалы металдар және асыл тастар туралы" 2016 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 3-баптың 2), 3) және 4) тармақшалары алып тасталсын;

2) 4-баптың 2), 3) және 4) тармақшалары "әзірлейді" деген сөзден кейін "және бекітеді" деген сөздермен толықтырылсын.

36. "Қарсы барлау қызметі туралы" 2016 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 31) тармақшасында:

"желілері арқылы берілетін" деген сөздер "желілері арқылы берілетін, берілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ақпаратты жедел" деген сөздер ", телекоммуникация құралдарында сақталатын ақпаратты жедел" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жүйелер арқылы берілетін" деген сөздер "жүйелер арқылы берілетін, берілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 11-баптың 1-тармағының 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) электр (телекоммуникация) байланысының желілері арқылы берілетін, берілген және оны қабылдау, беру, жеткізу және (немесе) өңдеу жүзеге асырылған кезден бастап үш ай ішінде телекоммуникация құралдарында сақталатын ақпаратты жедел түсіріп алу;"

37. "Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы" 2016 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 10-баптың 3-тармағындағы "Үкіметі" деген сөз "ішкі істер органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 31-баптың 2) тармақшасы алып тасталсын;

3) 32-баптың 1) тармақшасы "әзірлейді" деген сөзден кейін "және бекітеді" деген сөздермен толықтырылсын.

38. "Стандарттау туралы" 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

10-бапта:

2) тармақшадағы "және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) уәкілетті органмен және мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын әзірлеуді;"

39. "Агломерацияларды дамыту туралы" 2023 жылғы 1 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

5-баптың 2) және 3) тармақшаларындағы "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша" деген сөздер алып тасталсын.

40. "Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы" 2023 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-бапта:

1) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қамтамасыз етілген цифрлық актив – қамтамасыз етілген цифрлық активке қойылатын талаптарға сәйкес келетін, қамтамасыз етілген цифрлық активтерді сақтау және айырбастау жөніндегі цифрлық платформа арқылы тіркелген цифрлық актив;"

"3) қамтамасыз етілмеген цифрлық актив – қамтамасыз етілген цифрлық активке қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін цифрлық актив;"

4) тармақша "құрылған," деген сөзден кейін "есеп айырысу ақша бірлігі және (немесе) заңды төлем құралы болып табылмайтын," деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағын, 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларын, 3, 4, 5 және 6-тармақтарын, 7-тармағының 1) тармақшасын, 8 – 20-тармақтарын, 21-тармағының 1) тармақшасын, 22-тармағын, 23-тармағының 1) – 5) тармақшаларын, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30 және 31-тармақтарын, 32-тармағының 2) тармақшасын, 33-тармағын, 34-тармағының 1) тармақшасының тоғызыншы абзацын, 2) тармақшасын, 3) тармақшасының екінші абзацын, 4) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 6) тармақшасының бесінші абзацын, 7) тармақшасының екінші – алтыншы, сегізінші – оныншы абзацтарын, 9) тармақшасының алтыншы абзацын, 12) тармақшасының үшінші абзацын, 17) және 18) тармақшаларын, 19) тармақшасының екінші абзацын, 35, 37, 38 және 39-тармақтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ